С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медициналық Университеті

**Кафедра:** *Жедел медициналық жәрдем беру*

# Шұғыл және төтенше жағдайдағы жедел жәрдем беру қызметін ұйымдастыру





***Төтенше жағдай*** деп табиғи стихиялық пен техногенді апаттарда пайда болатын әскери, әлеуметтік және саяси сипаттағы, адам өмірінің, экономиканың, әлеуметтік және табиғи нормаларының кенеттен өзгеруіне алып келіп соғатын жағдайды айтады.





- **Төтенше жағдай** - мемлекетке төнген түрлі қауіпке байланысты елбасы немесе парламент жариялайтын уақытша режим. Ол табиғат апаты, соғыс қаупі, техногендік апат, халық ішіндегі толқу, т.б. жағдайларда жарияланады. Мұндай уақытта азаматтардың құқықтары мен бостандықтары саналы түрде шектеледі, бейбіт кездегі заңдар күшін тоқтатып, төтенше заңдар шығарылады.



- Табиғи сипаттағы Төтенше жағдай – дүлей зілзала (жер сілкінісі, сел, көшкін, су тасқыны және басқалар), табиғи өрт, індеттер мен малдың жұқпалы аурулары, ауылшаруашылық өсімдіктерінің және ормандардың кеселдері мен зиянкестері арқылы зақымдануын туғызатын Төтенше жағдай-лар.Рихтер шкаласымен есептелінеді.



- Техногендік сипаттағы Төтенше жағдай - өнеркәсіп, көлік авариялары және басқа да авариялар, өрт (жарылыс), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық жағынан қауіпті заттарды тарататын (тарату қаупі бар) авария, үйлер мен ғимараттардың кенеттен қирауы, бөгендердің бұзылуы, тіршілікті қамтамасыз ететін электр-энергетика және коммуникация жүйелеріндегі, тазарту құрылыстарындағы авария туғызған Төтенше жағдай.





# Шұғыл медициналық көмектің басты міндеттері

- Медициналық жәрдемді дер кезінде көрсету
- Медициналық эвакуация және жолда болатын өлім көрсеткішін максимальды төмендету.
- Психоневрологиялық және эмоциональды әсерді төмендетуге бағытталған шаралар.
- Апат болған аймақта инфекция  таралуын ескерту.
- Әріптестерінің денсаулығын сақтау
- Қаза болғандарға сот-медициналық сараптама жүргізу.

# Шұғыл медициналық жәрдем көрсетеді:

- Жедел жәрдем бригадалары (сызықтық және арнайы)
- Шұғыл медициналық жедел жәрдем  бригадалары , емдеу-профилактикалық мекемелердің базасында құрылған (аурухана, медико-санитарлық бөлім, поликлиника, диспасерлер, санаториялар)
- Арнайы медициналық бригадалар және шұғыл арнайы медициналық жәрдем бригадалары (республикалық, облыстық, көп салалы, клиникалар)
- Мобильді (жылжымалы) госпитальдар (хирургиялық, инфекциялық)-жоғары мамандандырылған  көмек
- Арнай эпидемияға қарсы бригадалар (Обаға қарсы базаларда құрылады)



# Апат жағдайында зардап шеккендерге көмек:

- Көмек түрлері:
- Алғашқы медициналық көмек
- Дәрігерге дейінгі көмек
- Алғашқы дәрігерлік көмек
- Жоғары мамандандырылған  дәрігерлік көмек
- Арнайы көмек




03
0 3
H 731133

- Төтенше жағдай аймағы бұл Төтенше жағдай туындаған белгілі бір аумақ. Табиғи және техногендік сипаттағы Төтенше жағдай таралу аумағына және келтірген нұқсанның көлеміне қарай, объектілік, жергілікті, өңірлік және жаһандық болып бөлінеді.

- Төтенше және тәбиғи апаттар бұл адамдардың жағыдайын нашарлататын, ең ауыр жағыдай болып саналады.
- Тәбиғи апаттар Жіктелуі:
- 1.Геологиялық- жел, топырақ.
- 2. Метрологиялық- көк тайғақ, аяз, тұман.
- 3. Гидрологиялық- су деңгейінің жоғарлауы, сел топырақ, құлау.
- 4. Өрт- орман алқапты, тұрғындар жерін.
- 5. Жаппай жұқпалы ауру- оба, геморрагиялық, қызба.

- Техногенді апат жіктелуі:
- 1. Ғимарат, үй құлау;
- 2.Өндірістік, тронспорттық қақтығыс;
- 3.Энергия торабындағы бұзылыс, жарылыс;
- 4. Химиялық уландырғыш заттар;
- 5.Құлау, топырақпен көмілу;
- 6.сел тоқтатқыш бұзылу.

- Апат медициналық қызметі, тәбиғи және төтенше жағыдайларда зардап шегушілердің денсаулғын сақтау, шұғыл медициналық көмек беру. Оның міндеттеріне мыналар кіреді:
- 1. Ауруханаға дейінгі кезеңде науқастың немесе оны қоршаған адамдардың денсаулығына және өміріне қауып төнген жағыдайда, кенеттен болған аурулар, созылмалы аурулардың асқынуы, бақытсыз жағыдайлар, жарақаттар, уланулар, жүктіліктің және босанудан кейін асқынулар болған жағдайда ЖМЖ көрсету.
- 2. Науқастарды емдеу-профилактикалық мекемелерге тасымалдау.
- 3. Төтенше жағыдайларда, табиғи, жол апаттарын жою жұмыстарына белсенді араласу.
-

- Жедел медициналық жәрдем бекеттерінің ұйымдастырылуының негізгі талаптары ( ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 16.08.2001ж. №756 бұйрығынан):

- Жедел медициналық жәрдем бекеті-ересектер мен балаларға өміріне қауып төнген және бақытсыздық жағыдайда, ауыр жіті ауруларда оқиға орнында және жол жөнекей тәулік бойы, ақысыз жедел медициналық көмек көрсететін медициналық мекеме болып табылады.

- *Апат медициналық қызмет принциптері:*
- Медициналық сұрыптау, шұғыл медициналық көмек уақыттылығы, үздіксіздікті, мүгедектікті төмендету, басқа маман иесын дайындау, жедел жәрдемді дұрыс ұйымдастыру.
- *Сұрыптау тобы:*
- 1)өте ауыр зақым алған, болжамы қолайсыз, өмір сүру қиын.
- 2)ағызалардың қызметінің үдемелі төмендеуімен жүретін адамдар
- 3)өміріне қауып төнбеген, ауыр және орташа ауыр адамдар
- 4)функционалды өзгерістер жоқ, жеңіл жағыдайға жақын
- 5)амбулоторлы емді қажет ететін науқас.

- XX ғасырдың екінші жартысы айқын техникалық прогреспен, жергілікті әскери дағыдылармен, көліктік құралдардың жеткізілу ағымының жоғарлауына байланысты техногенді апаттар саны көбею үстінде. Шок жағыдаймен бірге жүретін ауыр оқиғалар тек жол-көліктік оқиғаларда ғана емес, сонымен қатар, биіктен құлағанда, өндірістік және спорттық жағыдайларда, табиғи апаттарда кездеседі. Жедел жәрдем қызметі ең қауыпты және критикалық жағыдайлардағы адам өмірінің сақталуын қамтамасыз ететін мемлекеттің басты институттарының бірі болып табылады. Жедел жәрдем мамандарының дайындық дәрежесі мен оқиға орнында зақымданушыларды уақытылы реанимациялық көмекті үйымдастыру дәрежесіне өлім-жітімнің жалпы деңгейі байланысты болып табылады.

- Ауруханаға дейінге этапта науқасқа тез арада жарақат түріне қарай диагноз қойып, тиісті емді тағайындау өте маңызды болып табылады. Көптік және үйлескен жарақаты бар науқастарға біріншілік медициналық көмек көрсеткенде өте қиын болады. Себебі, бір мезетте диагноз қоюмен бірге өмірге қауіпті тыныс алу мен қан айналым бұзылыстарын жою керек. Көрсетілген көмек сапасы емнің нәтижесіне шешуші әсер етеді.

